

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Биология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Алғашқы сүтқоректілердің тікелей арғы тегі деп есептеледі
А) құстар
В) маймылдар
С) аңтісті жорғалаушылар
D) листозаврлар
E) гаттериялар

2. Девон кезеңінің соңында теңіздерде пайда болған жануарлар
А) иностранцевия
В) медуза
С) стегоцефал
D) трилобит
E) динозавр

3. Біртұтас Пангея құрлығының жеке бөліктерге бөліне бастауы
А) юра кезеңінде
В) триас кезеңінде
С) бор кезеңінде
D) пермь кезеңінде
E) таскөмір кезеңінде

4. Ашықтұқымды өсімдіктердің кең таралған заманы
А) кайнозой
В) мезозой
С) архей
D) палеозой
E) протерозой

5. Динозаврлар ғасыры аталған кезең
А) бор
В) кембрий
С) ордовик
D) силур
E) юра

6. Мұхиттарда су түбінде бір затқа бекініп немесе жорғалап жүріп тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) гидробионттар
- C) планктондар
- D) бентостар
- E) фототрофтар

7. Судың беткі қабатында су ағысымен қалқып жүріп тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) гидробионттар
- C) планктондар
- D) бентостар
- E) фототрофтар

8. Суда тіршілік ететін организмдер

- A) геобилер
- B) микрофауна
- C) гидробионттар
- D) мезофауна
- E) нанофауна

9. Атмосфера, литосфера және биосфераның тығыз байланысы арқылы пайда болған әрі тарихи, әрі табиғи биогеоценоз

- A) өсімдік
- B) жануар
- C) мұхит
- D) ағаш
- E) топырақ

10. Өсімдіктер мен жануарлар бірлестігінің тарихи қалыптасуына әсер еткен үшінші жағдай

- A) вулкандар атқылауы
- B) жер сілкінулері
- C) мұхиттар массасы
- D) табиғи бірлестіктер
- E) климаттық факторлар

11. Ең алғашқы геологиялық замандарда Жер шарын құраған тұтас бір ғана құрлық

- A) лавразия
- B) пангея
- C) гондвана
- D) евразия
- E) неоарктика

12. Құрлықтағы организмдер биомассасының 90%-ға жуығын құрайды

- A) дала өсімдіктері
- B) шөл өсімдіктері
- C) бөлме өсімдіктері
- D) орман өсімдіктері
- E) ұсақ өсімдіктер

13. Организмді құрайтын тірі протоплазмаға өте қажет зат

- A) оттегі
- B) азот
- C) күкірт
- D) аммиак
- E) фосфор

14. Өсімдіктердің фотосинтез процесі кезінде көмірқышқыл газын сіңіре отырып,оттекті бөлінуінен басталатын процесс

- A) оттегі айналымы
- B) азот айналымы
- C) биомасса айналымы
- D) күкірт айналымы
- E) фосфор айналымы

15. Темір, молибден, бор, кобальт өсімдіктерге қажет

- A) фотосинтез үшін
- B) азот айналымы үшін
- C) биомасса үшін
- D) бейімделу үшін
- E) қорға жинау үшін

16. Организмдердің өзінің тіршілік ортасының ерекшелігіне қарай морфологиялық жағынан бейімделуі

- A) бәсекелестік жағдайы
- B) паразитизм
- C) тіршілік формасы
- D) нейтрализм көрінісі
- E) комменсализм

17. Организмдердің жемтіктерін бірлесіп аулау кезінде бірігуімен байқалады

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) трофикалық кооперация

18. Бір түрдің зиянын тигізбей екінші түрдің қорек қалдықтарымен қоректенуі

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) комменсализм

19. Организмдер бейімделу немесе бейімделу реакциялары арқылы әсер көрсететін ортаның кез келген элементінің жағдайы

- A) географиялық факторлар
- B) абиотикалық факторлар
- C) биоценоз факторлары
- D) экологиялық факторлар
- E) антропогенездік фактор

20. Нақты бір биоценоз негізін құрайтын, белгілі бір аумақта өсетін өсімдіктер жиынтығы

- A) биогеоценоз
- B) өсімдіктер бірлестігі
- C) биом
- D) биоценоз
- E) экожүйе

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Мал шаруашылығы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жасушаларды зерттейтін ғылым

- A) анатомия
- B) эмбриология
- C) гистология
- D) цитология
- E) миология

2. Етті сиыр тұқымы

- A) Әулиеата
- B) Қазақтың ақбас сиыры
- C) Қара ала
- D) Симменталь
- E) Холмогор

3. Жылқыны бордақылау неше кезеңге бөлінеді

- A) 3
- B) 2
- C) 5
- D) 4
- E) 1

4. Сүтті сиырдың тұқымдары

- A) Симменталь
- B) Алатау
- C) Аулиеата
- D) Шароле
- E) Швиц

5. Батыс Қазақстанда өсірілетін жоғары өнімді етті-сүтті бағыттағы жылқы тұқымы

- A) Ахалтеке тұқымы
- B) Дон тұқымы
- C) Қазақы тұқымы
- D) Орлов тұқымы
- E) Көшім тұқымы

6. Холмогор тұқымы

- A) күркетауықта
- B) қырғауылда
- C) үйректе
- D) тауықта
- E) қазда

7. Минералды азық

- A) ас тұзы
- B) ашымық
- C) пішен
- D) күнжара
- E) сүйек ұны

8. Көлемді азықтарға қай азық жатады

- A) қызылша
- B) шөп
- C) жем
- D) кебек
- E) сүрлем

9. Қылшық жүнді қойлар жылына неше рет қырқылады

- A) 1
- B) 5
- C) 2
- D) 4
- E) 3

10. Басқа бір организмнің денесінде уақытша, тұрақты мекендеп, әрі қоректеніп, оларға өзінің зиянын тигізетін организмдер

- A) антигендер
- B) гетеротрофтар
- C) автотрофтар
- D) сапрофиттер
- E) паразиттер

11. Сүтті бағыттағы сиырдың тұқымы

- A) Симменталь
- B) Алатау
- C) Аулиеата
- D) Шароле
- E) Швиц

12. Саулықтарды ұрықтандырғанда неше балдық шәуетті қолданады

- A) 5 балл
- B) 7 балл
- C) 8-10 балл
- D) 6 балл
- E) 4 балл

13. Көң сақтайтын қойма фермадан кемінде неше метр қашықтықта болуы керек

- A) 40 м
- B) 10 м
- C) 50 м
- D) 20 м
- E) 30 м

14. Цистицеркоздың екінші атауы

- A) эймериоз
- B) аскаридоз
- C) финноз
- D) трематодоз
- E) нематодоз

15. Бір литр сүт түзу үшін сиыр желінінен неше литр қан өту қажет

- A) 400
- B) 700
- C) 300
- D) 200
- E) 500

16. Сиыр сүтімен салыстырғанда қандай малдың сүтінде май, ақуыз және минералды тұздар көп болады

- A) сиыр сүтінде
- B) ешкі сүтінде
- C) түйе сүтінде
- D) жылқы сүтінде
- E) қой сүтінде

17. Жарада ұйыған қанды, өлі тіндерді механикалық тазалау қандай антисептикаға жатады

- A) биологиялық антисептика
- B) физикалық антисептика
- C) химиялық антисептика
- D) механикалық антисептика
- E) кешенді антисептика

18. Сепсиспен, энтеритпен, өкпе қабынуымен және буындардың зақымдануымен сипатталатын бұзаулардың, қозылардың, торайлар мен құлындарда сирегірек залалды ауруы

- A) Диплококктік инфекция
- B) Анаэробты инфекция
- C) Вирустық инфекция
- D) Паразитарлық инфекция
- E) Жұқпалы инфекция

19. Өңештің шырышты қабығының қабынуы

- A) ларингит
- B) бронхит
- C) пневмония
- D) ринит
- E) мастит

20. Стандартты тағалар неше көлемді болуы мүмкін

- A) 13
- B) 5
- C) 15
- D) 4
- E) 7

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Пішен, сабан және сүт азықтары

- A) өнеркәсіп
- B) өсімдік
- C) ірі сояулы
- D) тамыр түйнек
- E) жануар тектес
- F) минералды
- G) дәрумендер

22. Цитология, гистология және эмбриология ғылымдары зерттейді

- A) жасушаларды
- B) бұлшық етті
- C) тіндерді
- D) қанды
- E) ұрықты
- F) сүйекті
- G) теріні

23. Ас тұзы, қызылша және арпа азықтары

- A) минералды
- B) ірі сояулы
- C) тамыр түйнек
- D) шырынды
- E) жем
- F) жануар тектес
- G) құрғақ

24. Ет-жұмыртқа, жұмыртқа және ет бағытындағы тауықтардың пішіні

- A) үш бұрышты
- B) екі бұрышты
- C) бір бұрышты
- D) домалақ
- E) төрт бұрышты
- F) бес бұрышты

25. Описторхоз ауруымен ауырады

- A) түйе
- B) қой
- C) ит
- D) мысық
- E) адам
- F) жылқы
- G) құс

26. Сәбіз, сүрлем және ас тұзы азықтары

- A) ірі сояұлы
- B) тамыр түйнек
- C) шырынды
- D) жануар тектес
- E) құрғақ
- F) минералды
- G) өсімдік

27. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация

- A) жұқпалы аурулар қоздырғыштарын жою
- B) паразиттерді жою
- C) буынаяқтыларды жою
- D) кеміргіштерді жою
- E) гельминттерді жою
- F) микробтарды жою
- G) вирустарды жою

28. Дене қызуы 35,0-38,6°C және 37,5-38,0°C жануарлар

- A) тауық
- B) ірі қара
- C) қой
- D) түйе
- E) жылқы
- F) ит
- G) қоян

29. Дене қызуы 37,5-39,5 С; 38,5-40,5 С; 37,5-38,0 С жануарлар

- A) ірі қара
- B) түйе
- C) ешкі
- D) ит
- E) жылқы
- F) тауық
- G) мысық

30. Үйрек тұқымдары

- A) Ақ леггорн
- B) Украин
- C) Пекин
- D) Орыстың ақ
- E) Холмогор
- F) Ірі қоңыр

Жаздаяттық тапсырмалар
1-жаздаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Байқасаңыз сиыр сауған кезде шелектегі сүт қатты көпіріп, көлемі ұлғаяды, иісі бұрқырап тұрады. Сүт бетіндегі көпіршіктерді қолыңызға алсаңыз өте жеңіл, себебі кішкентай көпіршіктер ауаға толып тұрады.

31. Сиыр сүтінің ең жоғары майлылығы

- A) 2 %
- B) 3 %
- C) 3,2 %
- D) 4 %
- E) 5 %

32. Сиырлардың сауылу маусымы

- A) 7 ай
- B) 10 ай
- C) 9 ай
- D) 12 ай
- E) 14 ай

33. Сиырлардың сүттілігі

- A) сиырларды ұзақ уақыт пайдалануға байланысты
- B) сиырларға жем азықтар беруге байланысты
- C) тұқымқуалаушылыққа және азықтандыруға байланысты
- D) тұқым қуалаушылыққа және төлдеуіне байланысты
- E) тек қана азықтандыруға байланысты

34. Сүтті сиырлардың пішіні

- A) сырт пішіні созылық, бөксесі кеңейтілген үшбұрыш тәріздес
- B) терісі қалың бұлшық еті жақсы жетілген
- C) сырт пішіні қысқа бұлшық еті жақсы жетілген
- D) төртбақтанған тікбұрыш тәріздес, сырт пішіні созылық
- E) сырт пішіні созылық, төртбақтанған тікбұрыш тәріздес

35. Сүтті сиырлар тұқымы

- A) Герфорд
- B) Аулиеата
- C) Абердин-ангус
- D) Қазақтың ақбас
- E) Санта гертруда

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



Мал қорасын залалсыздандырып жатып, залалсыздандырушының көзіне дәрі шашырап кетеді. Соған байланысты көзі қызарып, ашиды және жас ағады, өзі уланады, қайта-қайта түшкіреді, мұрнынан су ағады.

36. Мал қораларын залалсыздандырады

- A) паразиттер мен зиянды буынаяқтыларды жою үшін
- B) жұқпалы аурулар қоздырғыштарын, зиянды буынаяқтыларды жою үшін
- C) жұқпалы аурулар қоздырғыштарын, паразиттер мен зиянды буынаяқтыларды жою үшін
- D) жұқпалы аурулар қоздырғыштарын, паразиттерді зиянды кеміргіштерді жою үшін
- E) буынаяқтыларды жою үшін

37. Өзінің улануы

- A) дәрілік зат тыныс жолдарын, өкпені, жалпы организмді улайды
- B) дәрілік зат тек қана тыныс жолдарын улайды
- C) дәрілік зат толық уламайды
- D) дәрілік зат жартылай улайды
- E) дәрілік зат тек қана өкпені улайды

38. Көзі қызарып, көзден жас ағуы

- A) көз шырышты қабаты буланады
- B) көз шырышты қабаты суланады
- C) көз шырышты қабаты тітіркенеді
- D) көз шырышты қабаты құрғайды
- E) көз шырышты қабаты уланады

39. Қайта-қайта түшкіріп мұрнынан су ағуы

- A) иіс сезбейді сосын тітіркенбейді
- B) иіс сезу анализаторлары тітіркенбейді
- C) иіс сезу анализаторлары жасамайды
- D) иіс сезу анализаторлары тітіркенеді
- E) иіс сезбейді бірақ тітіркенеді

40. Көзге дәрі шашырау себебі

- A) қауіпсіздік ережесін сақтап дәрілік затты дұрыс шашпаған
- B) қауіпсіздік ережесін сақтамай, көзге арнайы көзілдірік киген
- C) көзілдірік кимей дәрілік затты иіскеген
- D) дәрі езген ыдыстың аузын ашып қойған
- E) қауіпсіздік ережесін сақтамаған, көзге арнайы көзілдірік кимеген

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.